

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

## "Төрт түлік мал туралы"

ЖАРИЯЛАНДЫ  
10.10.2019

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/61397/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ұзақмерзімді жоспардың тарауы:

Сынып: 5

Пәні: Қазақ тілі

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Сабақтың тақырыбы

**4-бөлім:** Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі  
Төрт түлік мал туралы

Осы сабақта қолжеткізілетіні оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)

5.2.3.1 Хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату  
5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап хабарландыру құрастырып жазу

Сабақтың мақсаты

«Төрт түлік мал- ел байлығы» шығармашылық байқауына арналған хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.  
Қазақтың ұлттық ойындары туралы хабарландыруды жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімдеп, құрылымын сақтап жазады.

Бағалау критерийі

— Мәтіннің түрін ажыратады  
— Мәтіннің құрылымын, рәсімделуін түсіндіру арқылы жанрлық ерекшелігін көрсетеді  
— Жазба жұмысында жанрлық ерекшелікті ескере отырып, хабарландыру жазады.

Құндылықтарға баулу

Төрт түлік малдың тіршілік табиғатымен, қадір-қасиетімен таныстыру, малды күтуге, қадірлеуге тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс

Жаратылыстану, қазақ әдебиеті

Алдыңғы білім

Хабарландыру туралы түсінік



## Сабақбарысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері Ресурстар

Сабақтыңбасы

**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**

Оқушылармен шаттық шеңберін құрып, бүгінгі сабаққа психологиялық ахуал тудыру.



<https://youtu.be/aqdN8wBwXuE>

**Жаңа тақырыпқа болжам жасау**

«Али мен Ая» мультфильмі «Үй жануарлары туралы ән» бейнебаянын көрсету арқылы бүгінгі сабақ тақырыбына болжау жасаймыз.

Бейнебаянға назар аудара отырып, сабақтың тақырыбын болжайды. Тақырып айқындалған соң, оқушылардың осы тақырып бойынша не білетіндігі «Миға шабуыл» әдісі бойынша сұрақтар беріліп анықталады. Одан кейін сабақтың мақсаты таныстырылып, бағалау критерийлері талқыланады.



Google картинки

**Топқа бөлу**

Төрт түлік малдың суреттері арқылы оқушыларды 4 топқа бөлу.

- 1-топ Зеңгі баба
- 2-топ Ойсыл қара
- 3-топ Қамбар ата
- 4-топ Шопан ата

«1001 мақал, 101 жұмбақ» кітабы

**Қызығушылығын ояту**

Әр топ оқушыларына төрт түлік туралы жұмбақтар жазылған кеспе қағаздары таратылады. Топ оқушылары өз тобының жұмбақтарын оқиды, келесі топтар жауап береді. Дұрыс жауап смайликтер арқылы бағаланады.

Кішкене ғана бойы бар,  
Айналдыра киген тоны бар. (қой)  
Кезікті бір жануар  
Үстінде екі тауы бар. (түйе)  
Апан-апан ескі шапан

Иір қобыз  
Жарық жұлдыз. (түйе) т.б

**Кері байланыс: дұрыс жауап берген топтарға смайликтер беру**



Сабақтың ортасы **Оқылымалды тапсырмасы:** Сұрақ-жауап әдісі бойынша  
 — Хабарландыру дегенді қалай түсінесіңдер?  
 — Хабарландыруды кім жазады?

Интерактивті тақта

#### Оқылым кезіндегі тапсырма.

##### Тапсырма

Мәтінді оқып, мәтіннің түрін анықтаңыз. Құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшелігін ажыратыңыз.

##### Хабарландыру

2019 жылдың маусым айының 13 жұлдызында 7-10 сынып оқушылары арасында «Төрт түлік мал — ел байлығы» Оқылым мәтіні атты шығармашылық байқауы өткізіледі. Байқаудың мақсаты: төрт түлік малды күтуге, қадірлеуге, оны өсіруге, ата кәсіпке айналдыруға тәрбиелеу.

Байқау төмендегідей кезеңнен тұрады: Төрт түлік туралы: 1. Эссе жазу

2. Өлең шығару  
3. Суретін салу

Қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар анықталып, марапатталады.

**Өтетін орны:** Ақтөбе қаласы, №29 орта мектебінің АКТ залы.

**Басталуы:** сағат 16.00.

Сызба

Мәтіннің түрі

Мәтіннің құрылымы (кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім)	Мәтіннің рәсімделуі (байқаудың мақсаты, өтетін орны, уақыты)
---	--

#### Дескриптор

— мәтіннің түрін ажыратады;  
 — мәтіннің құрылымын анықтайды;  
 — мәтіннің рәсімделуін көрсетеді.

#### Саралау.

Деңгейі жоғары оқушы берілген кестені өздері толтырады. Деңгейі төмен оқушыларға мәтіннің құрылымы ретсіз қима қағаздары арқылы беріледі. Оқушылар өздері рет бойынша орналастырып, кестенің екінші бағанын толтырады.



**Мұғалімнің бағалауы:** «Допты қағып ал» әдісі арқылы бағалау.

#### Оқылымнан кейінгі тапсырма:

«Түртiп алу» әдісі (оқылым кезіндегі хабарландырудың негізгі элементтерін түртiп алу)

9 мамыр — Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында «Ат жарысы», «Көкпар», «Қыз қуу» жарысы ұйымдастырылады. Осыған орай құрылымы мен рәсімделуін сақтап, жанрлық ерекшелігін ескере отырып, хабарландыру жазыңыз.  
 1-топ «Ат жарысы»  
 2-топ «Көкпар»  
 3-топ «Қыз қуу»  
 4-топ «Теңге алу»

#### Дескриптор

— тақырыпқа сай хабарландыру жазады  
 — құрылымы мен рәсімделуін сақтайды  
 — жанрлық ерекшелігін ескереді

**Саралау: Жеке қолдау көрсету арқылы саралау.** Жекелеген оқушыларға хабарландыру үлгісін беру

#### Қалыптастырушы бағалау.

Топта шеңбер әдісі бойынша жазған хабарландыруын оқып, талдайды. Ең үздік жұмыс анықталып «Автор орындығында» оқиды.

#### Мұғалім бағалауы:

Автор орындығында оқылған үздік жұмыстарды бағалап, кері байланыс беру. Смайлик беру.

Сабақтың соңы **Бағалау. Мұғалім сөзі:** Оқушылардың жұмысын бір қорытындылап, көп смайлик жинаған топты марапаттау. Оқушылар, бүгінгі сабақ мақсаттары қандай еді? Мақсатымызға жеттік пе? Мақсатқа жеткендігімізді сұрақтар қою арқылы тексереді және бағалайды.  
— Хабарландыру қандай кезде жазылады?  
— Хабарландырудың құрылымы қандай болады?  
-Хабарландырудың жанрлық ерекшелігі?

**Рефлексия**

«**Білім ағашы**». Бүгінгі сабақта алған әсерлеріңізді стикерге жазып, «Білім ағашына» жабыстырыңыздар.

Білім ағашы

Үй тапсырмасы: Төрт түлік туралы мақал-мәтел жаттап келу

**Саралау - Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?**

1. Жеке қолдау көрсету арқылы саралау.

**Бағалау - Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?**

1.»Допты қағып ал» әдісі арқылы бағалау.  
2. «Автор орындығында» оқылған үздік жұмыстарды бағалап, кері байланыс беру  
3. «Мен саған, сен маған» әдісі

**Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау**

## **Сабақ бойынша рефлексия**

Сабақ мақсаттары  
немесе оқу  
мақсаттары  
шынайы, қолжетімді  
болды ма? Барлық  
оқушылар оқу  
мақсатына қол  
жеткізді ме? Егер  
оқушылар оқу  
мақсатына  
жетпеген болса,  
неліктен деп  
ойлайсыз? Сабақта  
саралау дұрыс  
жүргізілді ме?  
Сабақ кезеңдерінде  
уақытты тиімді  
пайдаландыңыз ба?  
Сабақ жоспарынан  
ауытқулар болды ма  
және неліктен?

### **Жалпы бағалау**

**Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1:  
2:**

**Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен  
оқуға қатысты)? 1:**

**2:**

**Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген  
оқушылардың  
жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі  
сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?**

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.